

1824 жылғы

**«Орынбор
қырғыздарының
Жарғысы»**

Жоспар

Кіріспе

- 1. Кіші жүздегі хандық биліктің жойылуы.*
- 2. Әкімшілік-саяси реформаның салдары.*

Қорытынды

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

Кіріспе

Ресейдің 1824 «Орынбор қырғыздары туралы» жарғысы қазақ даласындағы хандық билікті жойып, басқарудың әкімшілік жаңа түрі-отаршылдық әкімшілікті орнықтырып қазақ жерін одан әрі отарлауын мақсат етті. Далалық аудандарды басқару құрылымы түбірінен өзгеріп, басқарудың округтік жүйесі енгізілді. Жаңадан енгізілген әкімшілік шаралар патша үкіметінің отаршылдық белсенділігін арттырып, отарлаудың қазақ даласына тереңдей енуіне мүмкіндік берді. Жаңа заңды іске асыру барысында рушылдықтың іргесі сөгіліп, айтарлықтай өзгерістерге ұшырыды. Қазақтардың белгілі бір әкімшілік шеңберден екінші әкімшіліктің жеріне ауысуы шектеліп, бұрынғы көшіп-қонудың рулық тәртібі бұзылды. Ауыл старшындары қазақтардан сайланды. Болыстыққа сұлтандар тағайындалып, бұл қызмет шын мәнісінде атадан балаға мирас болып қалдырылып отырды.

Кіші жүздегі хандық биліктің жойылуы.

- П.К. Эссен 1822 жылы «Орынбор қырғыздарының жарғысының» жобасын талдап жасады. Бірақ ол Азиялық комитетке тек 1824 жылы ғана қаралып, қабылданды. Сол жылы жүзде хан өкіметін жою ұйғарылды. Кіші жүз билеуші-сұлтандар басқарған үш бөлікке бөлінді. Жүзді бөлу рулардың қоныстануына және билеуші-сұлтандардың, олардың арасындағы ықпалына қарай жүргізілді. Сондықтан бөліктер территория тұрғысынан да, халқының саны жағынан да біркелкі болмады. Билеуші-сұлтандар іс жүзінде Орынбор шекаралық комиссиясының чиновниктері болды. Шекаралық комиссияның жанынан кеңестер мен приказдар ұйымдастырылмады. Билеуші-сұлтандар билігінің күшеюімен мемлекеттік қызметте жоқ сұлтандардың маңызы төмендеді, мұның өзі қазақ аристократиясының өктемдігін әлсіретті. Шекаралық комиссияның құрамына председатель, төрт кеңесші, ауқатты қазақтардан төрт заседатель енді.
- **Шекаралық комиссияның міндеттері:**
 - - қырда тәртіпті сақтау;
 - - қазақтардан шыққан жергілікті чиновниктер мен қамқоршылардың әрекеттерін бақылау;
 - -салықтар жинау;
 - -сот істері;
 - -медицина жағын бақылау.
- Шекаралық комиссия өзінде губерния басқармасының функцияларын біріктірді.

Кіші жүздің әкімшілік құрылымы

Бөліктер
(Батыс, орта, шығыс)
Басқарушысы-Сұлтан



Дистанция (54, 1831 жыл)
Басқарушысы-Ру шонжарлар



Ауыл
Басқарушысы-Ауыл старшыны

- Жергілікті әкімшіліктің құрамына жүздер бөліктерінің билеуші-сұлтандары, дистанциялар мен жергілікті жерлердің бастықтары енді. Билеуші-сұлтандарды Орынбор әскери губернаторы, ал қалған шендегілердің бәрін-Шекаралық комиссияға тағайындады. Әрбір билеуші-сұлтанның жанында 100-200 адамнан әскери команда болды. Билеуші-сұлтандардың ордалары казачьи станицалары мен бекіністерінде орналасты. Билеуші-сұлтандар лауазымына тек сұлтандар ғана қойылды. Батыс және Орта бөліктерді Әбілқайыр мен Қайып хандардың әулеті биледі. Билеуші-сұлтандардың алғашқы кезде көмекшелері болып бұлар да сұлтандардан қойылды. Олар билеуші-сұлтандар мен шекара бастықтарының тапсырмаларын орындауға, «тыныштықты» қадағалап отыруға, «қаскүнемдерді» ұстап, жақын маңдағы шептік бастыққа жеткізуге, ұсақ-түйек істер бойынша айыптыларды Шекаралық комиссияға шепке жіберіп отыруға міндетті болды.
- **1831** жылға дейін аталған үш бөліктің қазақтары шартты түрде шепке жақын жердің қазақтары және қырдың қазақтары деп бөлінді. 1831 жылдан бастап өздерінің қоныстары мен шекара өңіріне іргелес жатқан халықтың арасында әкімшілік учаске-дистанциялар (екі қамал аралығындағы учаскелер) ұйымдастырылды. Дистанцияның ішінен неғұрлым шағын басқару бірліктері-әрбір форпосты мен отрядта қарама-қарсы орналасқан старшындықтар (жергілікті жерлер немесе ауылдар) құрылды. Дистанциялар құрылымы кейіннен қырдағы ауылдарға да тарады. 1839 жылы мұндай бөлу Жаңа шепке қарама-қарсы орналасқан көшпелілерге де енгізілді.

Бөліктер
Басқарушысы: Билеуші-сұлтандар



ШЫҒЫС

Әлімұлы,
Шөмекей,
Қыпшақ



Орта

Жетіру,
Әлімұлы



Батыс

Байұлы

- 40-шы жылдардың басында дистанциялық система Ново-Александровск бекінісі ауданындағы рулардың бір бөлігін қамтыды. ХІХ ғасырдың ортасына таман 54 дистанция ашылды. Дистанциялар халықтың территориялық жағынан бөлінуі негізінде құрылды, тек шеп бойындағы дистанцияларда ғана ру топтарының араласуы едәуір дәрежеде болды.
- Дистанциялық система Кіші жүзде 1831 жылдан 1868 жылға дейін сақталып келді. 37 жыл ішінде дистанциялардың саны, көлемі, олардағы рулар мен бөлімшелердің орналасуы, сондай-ақ халқының саны өзгеріп отырды.
- Дистанциялар мен әкімшілік ауылдарын ұйымдастыру бұрынғы ру бастықтарының билігін шектегенімен толық жойған жоқ. Ру билеушілері рулардың бәрінде бірдей болған жоқ, бірақ әрбір бөлім мен бөлімшенің әрқайсысында дерлік оны басқаратын билер мен старшындар болды.

- Ауыл старшындарынан бастап билеуші-сұлтандарға дейін Кіші жүздегі барлық лауазымды адамдарды Орынбор генерал-губернаторы тағайындап отырды. Мұнда сайлау системасы болмады.
- Кіші жүздегі жергілікті өкімет ұйымдастырылуының бір ерекшелігі шеп бойындағы қазақтарға қамқоршы лауазымының енгізілуі болды; бұл лауазымға тек патша чиновниктері ғана тағайындалады. Ресми түрде олар шеп бойындағы тұрғындармен байланысында қазақтарға «қамқорлық жасау» органдары ретінде құрылған еді. Іс жүзінде қамқоршылар өлкеде патша өкіметінің саясатын жүргізді, Шекаралық комиссияның әр түрлі тапсырмаларын орындап, қазақтарды басқарды. Сөйтіп, ХІХ ғасырдың бірінші жартысында Кіші жүзде «қамқоршылық абсолютизм системасы» деп аталатын система қолданылды. Бүкіл шеп 6 қамқоршылыққа: Гурьев, Орал, Орынбор, Орск, Троицк, Михайловск болып бөлінді.

- Сот системасында үлкен өзгерістер белгіленді. Ірі істердің бәрі әскери соттардың немесе Шекаралық комиссияның қарауына көшті. Тек елеусіз қылмыстар ғана халықтық әдет-ғұрыптар бойынша талқылана алатын болды. Патша әкімшілігі жергілікті өкімет органдарын, соның ішінде билер сотын да полицейлік-жазалаа айналдыруға тырысты. Оларға қамауға алу, дүре соғып жазалау, Сібірге жер аударыпжіберу өкілдіктері берілді.
- XIX ғасырдың басында сұлтандар экономикалық жағынан неғұрлым күшті және саяси тұрғыдан неғұрлым ұйымдасқан феодалдық топ болды да, патша өкіметі өз саясатын жүргізуге соларды тірек тірек етті. Алайда бертін келе, XIX ғасырдың бірінші ширегінде сұлтандарды феодалдық праволарынан айыру толқуларға апарып соғуы мүмкін деп қауіптеніп, патша үкіметі оларға басқарудың орта буынында ғана әкімшілік билік берді де, облыстардағы жоғарғы билікпен басқаруды өз қолдарында ұстады.
- XIX ғасырдың бірінші жартысында ру жонжарларының да-билердің, старшиндардың, ру билеушілерінің праволары шектелді. Патша әкімшілігі оларды өз бақылауына алды. Орыс сот ісінің енгізілуі билер сотының ықпалын күйретті, өйткені ерекше маңызды істердің бәразы жергілікті соттардың қарауынан алынды.

- 1844 жылы патша үкіметі «Ереже» шығарды, бұл ереже бойынша байырғы халық төлейтін міндеткерліктер: шеп бойындағы және ішкі жақтағы тұрғындарға қызметкер болып жалданып, қырдан басқа жерде болатын қазақтарға берілетін билеттер еттер үшін ақшалай айып төлеу және міндеткерліктер енгізілді.
- 50-ші жылдардың басында «Ереженін» Орынбор даласына арналған жаңа нұсқасы шықты, алайда жобаның талқыланылуы ұзаққа созылды да, 1844 жылғы «Ереже» өзгеріс енгізілмей 1868 жылға дейін қолданылды.

Қорытынды

1824 жылы «Орынбор қырғыздары туралы жарғы»-деген құжат негізінде патша үкіметі қазақ жерін басқару тәртібі жөніндегі заң шығарды. Осы заң бойынша Кіші жүз хандықтары жойылды. Кіші жүзде хандық биліктің орнына Ресейдеге сияқты әкімшілік-саяси басқару жүйесі қалыптасты. Бұл алғашқы патшалық реформалардың бірі ретінде, бүкіл дәстүрлі билік құрылымын қиратып, әлеуметтік-саяси және шаруашылық өмірдің барлық жақтарын қамтыды, қазақ қоғамы ішіндегі, ең алдымен патшалық өзгерістерді, негізінен, қиналмай қабылдаған шеп маңайындағы ауылдар арасындағы және кең далада еркін көшіп жүріп, көшпелі тәуелсіздіктің ең берілген жақтаушылары ретінде сұлтандардың, билердің ақыл беруі бойынша патшалық өзгерістерге көнбегендер арасындағы онсыз да өткір қайшылықтарды тереңдетіп, Кавказдағы, Еділ бойының түркі тілдес аймағындағы және далалық табиғи ландшафты реформаның іске асырылуын белгілі бір дәрежеде қиындатқан Қазақстандағы отаршылдыққа қарсы оппозицияның топтасуын күшейте түсті.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

- 1. Мергенбаев Ә. Бес облысты басқару туралы ереже // Қазақ тарихы, 2005, №5*
- 2. Назарова А. Түркістан губернаторларының әлеуметтік сипаты // Қазақ тарихы, 2005, №6*